

Нысаналы мақсат пен пайдалану тәртібі бойынша аумақтар анықталып Приозерск қаласының жерін аймақтандыру сызбасын бекіту туралы

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2011 жылғы 30 наурыздағы N 237/38 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 3 мамырда N 8-4-232 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, қалалық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Нысаналы мақсат пен пайдалану тәртібі бойынша аумақтар анықталып Приозерск қаласының жерін аймақтандыру сызбасы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Сессияның төрағасы

О. Әйтбенбетов

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Е. Омаров


"КЕЛІСІЛДІ"

Приозерск қаласының "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы
----- *С. Бұқпантаев*



25 мамыр 2011 жыл

Приозерск	қалалық	мәслихатының	
2011 жылғы	30	наурыздағы	XXXVIII
сессиясының	N	237/38	шешіміне
қосымша			

Нысаналы мақсат пен пайдалану тәртібі бойынша аумақтар анықталып Приозерск қаласының жерін аймақтандыру СЫЗБАСЫ



ФУНКЦИОНАЛДЫҚ АЙМАҚТАР

- | | | |
|---|--|--|
| I су қорғау алабы шегіндегі рекреациялық аймақ | VII ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жер аймағы |  су қорғау алабының сызығы |
| II су қорғау аймағы шегіндегі рекреациялық аймақ | VIII техногендік әсер ету аймағы |  су қорғау аймағының сызығы |
| III тұрғын + қоғамдық-іскерлік аймақ | IX қала құрылысы қызметіне тартылмаған, резервтегі және өзге де жерлер аймағы | |
| IV өнеркәсіптік (өндірістік) аймақ | X автожолдардың санитарлық қорғау аймағы (СҚА) | |
| V рекреациялық аймақтар аймағы | XI электр беру желілерінің (ЭБЖ) санитарлық қорғау аймағы (СҚА) | |
| VI арнайы мақсаттағы жер аймағы | XII су қосынды санитарлық қорғау аймағы (СҚА) | |
| | XIII арнайы мақсаттағы объектілердің санитарлық қорғау аймағы (СҚА) | |